



АЛАТАУ

Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№20 (82) 16 мамыр 2025 жыл

Айрықша жоба

Ұлт рухын жаңғыртатын жорық

Алматы облысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі Бақанас бағытындағы кең далада Ұлы даланың рухын, ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлікті дәріптейтін ауқымды этноспорттық шара өз жалауын көтерді. Марафон-бәйге арқылы жас буын жылқыға мінуді, табиғатты сүйе білуді, ата-баба аманатын қадірлеуді үйренеді. Бұл ұлттық спорт пен этнотуризмнің дамуына серпін беретін, ел абыройын асыратын ерекше жоба болып саналады.



Бұл марафон елімізде бесінші рет өткізіліп отыр. Бұған дейін оның екеуі халықаралық деңгейде ұйымдастырылған болса, биылғы бәйге алғаш рет Алматы облысында өткізілуде. Шара қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, жылқы мәдениетін және тарихи мұрасын насихаттауға бағытталған.

Ашылу салтанаты аясында арнайы сахна мен этноауыл бой көтеріп, 12 қанаттық киіз үйлерде Алтын адам музейі, этнографиялық экспозициялар, театр қойылымдары, қолөнер шеберлерінің бұйымдары және туристік көрмелер ұсынылды. Марафон-бәйгенің ашылу рәсімі тақырыптық көрмені аралаудан және қатысушы командалардың салтанатты шеруінен басталды. Мемлекеттік Гимн орындалып, қатысушылар Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев құттықтау сөзінде марафон-бәйгенің ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі маңызына тоқталып, атқа міну мәдениеті-қазақ халқының болмысын танытатын құндылық екенін атап өтті. -Ұлы дала жорығы бұл жай ғана спорттық жарыс емес. Бұл - ұрпақтар арасындағы рухани сабақтас-тықты жалғап, тарихи жадымыз бен ұлттық

рухты жаңғыртатын маңызды алаң. Біз осы марафон арқылы ата-бабаларымыздың бай мәдениетін дәріптеп, өңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты нығайтамыз, - деді облыс әкімі.

Салтанатты рәсімде «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек



сөз алып, марафонның маңыздылығын атап өтті: «Ұлттық спортты дамыту мен мәдени мұрамызды насихаттау мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үнемі назарында. «Ұлы дала жорығы»-Ұлы дала көшпенділер өркениетінің дәстүрлерін лайықты жалғастырып, түрлі елдердің спортшыларын бірік-

тіретін айтулы жоба. Бұл марафон арқылы әлемге біздің бай тарихи мұрамызды, ұлттық рухымыз бен қонақжайлығымызды керсетеміз. «Amanat» партиясы әрдайым осындай ұлттық спорт түрлерін ілгерілетуге халықаралық байланыстарды нығайтуға және мәдени туризмді дамытуға бағытталған жобаларды қолдайды және қолдай бермек», - деді ол.

Сенатор, «JORYQ» федерациясының құрметті президенті Дархан Қыдырәлі жобаның терең тарихи маңызына тоқтала келе: «Ұлы дала жорығы – бұл жай ғана бәйге емес, ата-бабалар жүріп өткен жолмен қайта сапар шегетін тарихи экспедиция. Бұл - көшпелі өркениеттің рухын сезіну, уақыттар арасындағы байланысты нығайту және ұлттық мұраны келер ұрпаққа аманаттау», -деп айрықша атап өтті.

Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Еркебұлан Ильясов өз сөзінде «Ұлы дала жорығы» жай ғана жарыс емес. Бұл-батыр бабаларымыздың ізімен, ел мен жердің тарихын сезініп, ұлттық болмысымызды жаңғыртатын қасиетті сапар. Бұл - тәзімділік пен табандылықтың, рух пен жүректің сынға түсетін кезеңі», - деді.

«JORYQ» ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Қазақстанның халық әртісі, белгілі актер және режиссер Досхан Жолжақсыновтың берген батасы шараның рухани шарықтау шегі болды.

Марафонға 19 команда қатысуда: оның 13-і - Қазақстан өңірлерінен болса, 6 команда шетелдерден келген. Олар-Оңтүстік Африка Республикасы, Венгрия, Иран, Қырғызстан және Татарстан (РФ). Қатысушыларға бес күн ішінде 500 шақырымдық дала жолын еңсеру міндеті тұр. Бәйге Балқаш, Жамбыл және Іле аудандарының аумағы арқылы өтеді. Әр 50 шақырым сайын қатысушылар үшін арнайы тынығу және демалыс орындары қарастырылған.

Биылғы додада жеңіске жеткен командаға 100 мың АҚШ доллары сыйға беріlmек. Команда жеңіске жетті деп есептелуі үшін 5 аттың кемі 3-еуі мәреге жетуі тиіс. Жалпы құрама-

ның 5 аты толықтай межеге жетсе, 100 мың доллар ұтып алады. 2-орынға-60 мың доллар. 3-орынға-40 мың доллар. Жүлдегерлер регламентке сай, ат санына байланысты анықталады болады.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

Қонаев қаласы.

Апта жаңалықтары

Қонаев қаласы

Ардагерлер баспаналы болды

Қонаев қаласында Ұлы Отан Соғысының 80 жылдығына арналған гүл шоғын қою рәсіміне Алматы облысының әкімі М.Е.леусізов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Тұрымбетов қатысты.

Облыс әкімі Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиев Ұлы Отан соғысының ардагерлерін Жеңіс күні мейрамымен құттықтады. Бір минуттік үнсіздіктен кейін жиналғандар Ұлы Отан соғысына қатысқан бес майдангерді құрметпен қарсы алды. Олар Қонаев қаласынан Оксана Бетебаева, Іле ауданынан Тәңірберген Толғанбаев, Еңбекшіқазақ ауданынан келген Солтанбай Жарықбасов пен Ұйғыр ауданынан Алим Кебиrow және Жамбыл ауданынан келген Федор Ковалев еді. Ұлы Отан соғысына қатысқан осы бес ардагерге пәтерлердің кілттері салтанатты түрде табысталды.

Іле ауданы

Ерлікке тағзым

Сәуір айының аяғында Іле ауданы Ащыбұлақ ауылдық округі №29 мектептің акт залында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай «Жеңіс рухы жүректе, тарих ізі елде» атты рухани-патриоттық іс-шара өткізілді.

Ащыбұлақ ауылдық округінің «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ж. Қойшыбайқызы ұйымдастырған бұл шараға мектеп ұжымы мен ауыл тұрғындары қатысты. Кештің мазмұнды өтуіне халықтың белсенділігі мен рухани ықыласы ерекше серпін берді.

Шараға жиналған көпшілік майданда ерлікпен қаза тапқандардың рухына бір минут үнсіздік жариялады. Іле ауданындағы «Асыл ана» ұйымының төрайымы Б.Бейсенбекқызы Ұлы Жеңістің тарихи маңызы мен батырлардың ерлік жолы жөнінде терең толғанысты ойларымен бөлісті. Ол ел бірлігі мен отансүйгіштік қасиеттердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы тәуелсіздігіміздің берік тұғыры екенін атап өтті. Сөз кезегін алған Ащыбұлақ ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы Д. Жамалбеков, ақсақалдар алқасының мүшесі Е. Оналбаев майдангерлердің ерен ерлігі мен елдің тыныштығы үшін жанын қиған боздақтарды еске алып, бүгінгі ұрпақты елге қызмет етуге шақырды.

Іс-шара барысында патриоттық әндер орындалып, оқушылар соғыс жылдарынан көрініс көрсетіп, жүрекке жетерлік сахналық қойылымдарымен көрермендерге терең әсер қалдырды. Бұл тағылымды бас қосу жас буынның бойына елжандылық, ата-баба ерлігіне деген құрмет пен тарихи жадыны жаңғыртуға бағытталған мағыналы тәрбие сағаты болды.

Талғар ауданы

Батыр қыздар ұмытылмайды

Мамыр айының алғашқы күндері Талғар аудандық түнгі кітапхана оқырмандарымен Ұлы Жеңістің 80-жылдығына орай, «Қазақтың қайсар қыздары» тақырыбында кездесу болып өтті.

Кездесуге «Халық қаһарманы, ұшқыш Хиуаз Доспанованың ұлы Амиров Ерболат Шәкуұлы, тыл ардагерлері,ақсақалдар, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің мүшелері арнайы шақырылды. Кездесуде естеліктер айтылып, патриоттық әндер шырқалды. Кеш соңында соғыста шейіт болған боздақтарға арнайы құран бағышталды. Ардагер Мырзабек Парманов шырқаған «Мен сіздерді іздеймін», 2 сынып оқушысы Абылайдың орындауындағы «Болмасын соғыс» әндері көпшіліктің көңіліне ұнады.

Алатау қаласы

Ұлттар достығы

Жаңаталап ықшам ауданындағы 52 орта мектебінде «Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» орай жастар форумы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді.

Іс-шара салтанатты түрде Мемлекеттік Әнұранмен ашылды. Алғы сөзді мектеп басшысы Нургиза Бокашевна алып, қатысушыларды Бірлік күнімен құттықтады. Ол өз сөзінде еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың татулығы мен достығы Қазақстанның ең басты байлығы екенін ерекше атап өтті.

Шара барысында оқушылар түрлі ұлттардың ұлттық киімдерін киіп, әр халықтың мәдениетін таныстырды.

Өз тілшімізден.

2025 жыл-профилактика жылы

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ДЕНГЕЙДІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ТӨМЕНДЕТУГЕ ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ?

Үстіміздегі жыл Ішкі істер министрлігі бойынша Профилактика жылы деп қабылданғаны белгілі. Осы орайда Алматы облысының полициясы атқарып жатқан тірлікті білмек оймен Алматы облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Мейрам Жұмкенұлы ӘБІКЕЕВпен әңгімелесудің реті келген еді.

- 2025 жыл Алматы облысы полициясы үшін несімен ерекшеленді?
- 2025 жыл Ішкі істер министрлігі жүйесінде Профилактика жылы деп жарияланғаны белгілі. Бұл бастама қоғамдағы құқықбұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін арттыру және полиция қызметінің тиімділігін күшейту мақсатында қолға алынды. Алматы облысында осы бағытта ауқымды әрі жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Біздің негізгі міндетіміз – құқық бұзушылықтың алдын алып, тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру, қоғамдық тәртіпті нығайту және жеке құрам арасында ішкі тәртіпті қамтамасыз ету. Бұл жұмыстар тек қылмыстарға әрекет етумен шектелмей, алдын алу тетіктерін жетілдіруге бағытталған.

- Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қандай көрсеткіштерге қол жеткізілді?
- Жылдың алғашқы тоқсанының қорытындысы бойынша облыстағы қылмыс деңгейі 16,5%-ға төмендеді. Егер нақты сандарға жүгінсек, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 2735 қылмыс тіркелсе, биыл бұл көрсеткіш 2284-ке дейін азайды. Ауыр қылмыстар 28,2%-ға қысқарды,

ал аса ауыр қылмыстар саны екі есеге азайды. Бұл он динамика профилактикалық жұмыстарды күшейту, жедел жағдайды жүйелі түрде талдау және нақты шаралар қабылдаудың нәтижесі екенін атап өткім келеді. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтардың барлық түрлері бойынша он өзгерістер байқалуда.

- Қылмыстың алдын алу үшін қандай нақты шаралар қабылданды?

- Қылмыстық ахуалды тұрақтандыру үшін облыстың барлық ірі аудандарында жүйелі түрде профилактикалық рейдтер мен жедел-алдын алу шаралары өткізіледі. Апта сайын қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, қауіпсіздік деңгейі жоғары аумақтарда патруль бағыттары үнемі өзгертіліп отырады. Демалыс және мереке күндері тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеке құрамның көп бөлігі жаяу патрульдеуге жұмылдырылады.

Сонымен қатар, есепте тұрған адамдармен жеке профилактикалық жұмыстар күшейтілді. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқу орындарымен тығыз байланыс орнатылып, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл кешенді шаралар тұрғындар арасында құқықтық сауаттылықты арттырып, қылмыстың алдын алуға оң әсерін тигізуде.

- Қылмысты ашу деңгейінде қандай нәтижелерге қол жеткізілді?

- Қабылданған шаралардың нәтижесінде қылмыстарды ашу деңгейі 71,2%-ға жетті, бұл өт-



кен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,9%-ға жоғары. Ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу бойынша да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Мәселен, бірінші тоқсанда тіркелген аса ауыр қылмыстардың барлығы толықтай ашылды. Бұған қоса, бұрын жасалған қылмыстарды ашу бағытындағы жұмыстар жалғасып жатыр. Бұл ретте жедел бөлімшелердің үйлесімді жұмысы мен талдау жүргізу механизмдерінің тиімділігін атап өткен жөн.

- Полиция қызметкерлерінің кәсіби дайындығы туралы не айта аласыз?

- Алматы облыстық полиция департаментінің штаттық саны 2690 адамды құрайды, оның 2650-і аттестатталған қызметкерлер. Қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру – біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі. Жеткен жетістіктер – әрбір қызметкердің кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігінің нәтижесі.

(Жалғасы 2-бетте)

Закон и мы



Клуб молодых юристов и правоведов
открылся в городе Алатау

Правовая грамотность взрослого населения и школьников. Эти и другие вопросы недавно были обсуждены в средней школе № 15 имени Аль-Фараби микрорайона Ынтымак, входящего в новый город Алатау. Мероприятие организовано областной прокуратурой и областным управлением образования в рамках пилотного проекта «Закон и порядок. Караван-2025». Совещание посетил прокурор города Алатау Айдын Раев, а также секретарь городского маслихата Роза Абилова, руководитель городского отдела образования Гулжан Ерубаета, директора школ, педагоги, члены военно-патриотических и правовых клубов.

Перед началом мероприятия во дворе школы гости возложили корзину с цветами к подножию постамента с бюстом древнего философа Востока. Также директор школы Султан Жаркынбеков показал умение юных сарбазов школы обращаться с оружием. Мальчишки (и среди них одна девочка) удивили ловкостью и быстротой рук, за секунды «раскидывая и собирая» автомат АК-47. Гости участвовали в презентации нового информационного уголка, посвященного 80-летию победы в Великой Отечественной войне, открыли барельеф воину-освободителю, посмотрели мини-спектакли «Солдат ушел на войну» и «Алия и Маншук», заглянули в школьный музей. А также совершили экскурсию по школе, в ходе которой педагоги с помощью интерактивных досок проинформировали гостей о спортивных, образовательных, военно-патриотических достижениях школ города Алатау. Гости и приглашенные посетили открытый урок «Мое право» в новом кабинете «Клуб молодых юристов».

В заключение в актовом зале состоялась итоговая встреча, целью которой было продвижение концепции «Закон и порядок», о важности которой для общества говорил наш президент Касым-Жомарт Токаев. Прокурор города вручил удостоверения участникам нового «Клуба юных помощников прокурора».

Спикер Султан Жаркынбеков, начиная очередной этап знакомства в формате «Открытый микрофон», пригласил на сцену прокурора города Айдына Раева, секретаря городского маслихата Розу Абилову, руководителя городского отдела образования Гулжан Ерубаета, участкового инспектора полиции, капитана полиции Жандоса Биимбетова.

Все они отвечали на вопросы, поступившие из зала и по мессенджеру. Больше всего вопросов было к прокурору города Айдыну Раеву. Молодежь интересовалась, как учиться будущий прокурор в школе, кто у него друзья детства и как часто он с ними встречается сегодня, какие увлечения и таланты есть у гостя.

Для первой ознакомительной встречи в новом формате мероприятие можно назвать своевременным и важным.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Алатау

Тағылымды шара

ЕРЛІККЕ ТАУСЫЛМАС ТАҒЫМ

Өмірде өз орнын айырықша алатын, халық та ерекше қастерлейтін ең ардақты да, құрметті мереке – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы жақындаған сайын оған деген адамзат баласының сүйіспеншілігі одан әрі асқақтай түсті. Олай болатын жөні де бар. Бейбіт күннің берекесін сыйлаған Жеңіс мерекесінің аты да, атауы да еліміз үшін өзіндік ерекшелігімен дараланып тұрады.

Күні кеше ғана осынау айтулы мерекеге байланысты облыстық іс-шараға Қарымбай Қошмамбетов атындағы орта мектеп ұжымы, Жамбыл ауылдық округінің әкімдігі мен осы ауылдық аналар кеңесі ұйымының ұйытқы болуымен «Ерлікке таусылмас тағым» атты тақырыпта кең бағдарламалы іс-шара өткізді. Мектептің аталған іс-шараға күні бұрын тыңғылықты да тиянақты дайындық жасағандары мектептің кіре

шева, Жамбыл ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Құралай Сайбырова, тағы басқа да адамдар сөйлеп, Жеңіске қатысты ағынан ақтарыла көкейлерінде жүрген көптеген ойларын бүкпей ортаға салып, Жеңістің құндылығы мен қуаттылығы елдің жұдырықтай жұмылған бірлігі мен ұтымды ұйымшылдығында екенін тебірене әңгімеледі. Мектептің «Серпер» халық аспаптар оркестрі, мен «Назерке» бишілер тобы соғыс тақырыбына арналған шығармаларды нақышына келтіре орындады. Сол сияқты соғыстағы көріністерді ұстаздар мен оқушылар тамаша тапқырлықпен алып шыққандары ізденістерінің игілігі екенін дәлелдеді.

Осы жерде аталған іс-шараның мазмұнды да мағыналы өтуіне шынайы шығармашылықпен атсалысқан ұстаздар Кенже Халыкова, Назира Омарова, Қамар Үмбетәлиева, Шолпан Сәрсенғалиева, Гүлбану Жұматаева, Әбіл Қарасаев, Алмас Нышанов, Әсем



беріс ауласынан-ақ айқын көрініп тұр. Мектеп ауласының алдында өтетін шараға барлығын да көркемдеп, көздің жауын алатындай етіп безендіріп тастаған. Қатынасушы адамдардың санында есеп жоқ.

Салтанатты жиынның ашылу рәсімі Қазақстан Гимнің орындалуымен және мектеп алдындағы саябақтың ішіндегі Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған және ауылына аман-есен оралып, кейіндеп қайтыс болып кеткен соғыс ардагерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтарын қоюдан басталды. Көпшілік алдында бірінші болып сөз алған аудан ғана емес, облысымызға кеңінен танымал, өмірі ұлағатты ұстаздықпен өткен, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, облыстық ассамблеяның Еланасы, бүгінгі күні аудандық аналар кеңесінің төрайымы Ақлия Бекбайқызы сөз алып, халқымыз бастан кешкен соғыстың мәні мен маңызына нақты мысалдарды келтіре отырып, көпшіліктің көңілін толқытып жіберді. Содан соң осы жерде туып-өскен, қазір Шамалған ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Бәтиха Нұртаева сөйлеп, әкесінің соғыс ардагері болғанын және қарсы алдында тұрған ескерткіште әкесінің де қаруластарының да аты-жөндері бар екенін айтып, елдің ет-жүрегін елжіретіп жіберді.

Бұдын кейін сөз алған ауыл әкімі Елеман Өнербаев, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, зейнеткер ұстаз Ақлима Көсемова, мектеп директоры Бақыт Қуаны

Игіліктердің өнерлері көрермен қауымға қошеметпен қол соқтырып, дән ризашылыққа бөледі. Сондай-ақ, майдан даласындағы ақиқат пен аңызды сахналық көріністер арқылы бейнелеп берген мектептің өнерпаздар тобының мүшелері Айбар Мұхтаров, Бекзат Кемелбай, Айым Шылманбет, Ерлан Ерқұлан, Сүйіндік Інжу, Қайсар Толқын, Онғар Дәулет, Жүсіп Мұхамет-жандар өздеріне жүктеліп берілген рөлдерді өз дейңгейінде асқан шеберлікпен мүлтіксіз орындап шықты.

Осы бағытта мектеп оқушылары да өнерлерімен өрге жүзген балғындар екен. Ал, ұстаздар жағынан «Ана туралы баллада» әнін орындаған Бота Жанадылова, «Әлия» әнін орындаған Бекәлі Аружан, Меруерт Нүсіпова, «Жеңіс» әнін орындаған Дамира Айкеева мен Алмас Төреханұлдары да талайды тәнті етіп тастады. Осынау игілікті іс-шараның ойдағыдай өтуіне ортақ үлестерін қосқан мектеп директоры Бақыт Қуанышеваның, оның салалық орынбасарлары Лаура Тойшыбаева, Айдана Амандық, Индира Жапекова, Ақмарал Тәтібаева, Нұрсұлтан Шылманбет, Наргүл Қыздарбекова, Айгүл Бұтабаева, Айман Сейітжан, Бану Сұлтанмұратовалардың аянуды білмейтін еңбектерін айтпаса тағы болмайды. Бұлардың осындай жерде алғыс аркалап жүргендерінің өзі-зор міртебе.

Қанат ТӨКЕБАЕВ,
ардагер-журналист.
Қарасай ауданы.



Арманда кеткен ағайындар

Қарғыс атқыр қанды балақ соғыстың салып кеткен сойқанының салдарынан қаншама адамзат баласы зардап шекті. Соғыс жаңғырығынан жапа шеккендердің артында қалған ұрпағының жүректеріне де жазылмастай жара салды. Майдан даласында окқа ұшып, хабарсыз кеткендер қаншама десеңізші... Олар-тағдырдан таяныш таппағандар.

Менің тіліме тиек еткелі отырғаным бір құрсақтан шыққан ағайындар туралы болмақ. Олардың соғыстағы жорық жолдары қалай бастау алды? Осы жағынан мен біраз ізденістер жолына түстім. Бұл жағынан олардың бастан кешкен оқиғаларының шымырдай шындық деректеріне арқа сүйедім. Әйтеуір, адам тағдыры ойыншық болмасын деген ниетпен қос боздақтың тағдырына көз жұма қарамадық. Әділеттің ақ жолына жүгіндім.

Қабылбаев Дәндібай мен Байназар ағаларымыз сол кезеңде жалындап тұрған жампоздар еді. Олардың өмір жолдарынан толыққанды мағұлматтар алу үшін аяулы аналары Аршын әжеміздің айтқандарын бетке ұстадық. Өкінішке орай, ол кісінің күйеуі, ағаларымыздың әкесі қайтыс болып кеткен болатын. Алайда, бір үйге жан пәрменімен, аналық асқан қайратымен қалқан болып, айналасындағыларды қиын-

дық атаулыға қыр бермей көндіге білген ол бәріне де сары алтындай сабырымен, темірдей төзімімен шыдап бақты.

Әңгімеміздің басында баяндап өткеніміздей оның екі баласы көз алдында майдан шебіне кетті. Әрине, осы сәтте Аршын анамыздың аналық ақ жүрегімен қандай қанқұса күй кешкені айтпаса да түсінікті. Ет-жүрегі езіліп, екі көзінен көлкілдеп аққан жастың тоқтауы болмағаны да белгілі. Ананың айтып кеткен дерегі бойынша Дәндібай 1910 жылы, Байназар 1917 жылы туылған екен. Майдан даласына бірге аттанған олардың майдан шебіне келгенде алған бағыттары өзгеріп кетеді.

Дәндібай Украина аумағында жүріп жатқан соғыстың ортасына түседі де, бауыры Байназар Беларусь майданына тап болады. Бұл соғыстың нағыз шарықтау шағына жеткен кезі. Жаңбырдай жауған оқ пен снарядтар гүрсілінен бас алмай қалған сәттер де жиі болып тұрды. Аталған екі майдан нүктелері аса қауіпті аймақта болғанын тарихтан да жақсы білеміз. Жауынгерлер үшін уақыт тауып, ауылға хат жазудың өзі қол жетпес арман болып қалды. Анасы байғұс қос құлынынан екі-үш реттен ғана хат-хабар алған. Одан әрі олар ұшты-күйлі хабарсыз кеткен.

Аршын анамыз осыдан кейін-ақ, мұның тегін емес екенін жүрегі сезеді. Аналық ақ жүрегі қарс айырылып, ботадай боздаумен өтеді.

Өмірінің соңына дейін арманда кеткен азаматтарын жоқтаумен ақтық демі де бітеді. Ол екеуінен әбден күдерлерін үзген жақын-жамағайындары тыныш жатсын ба? Олардың туған жиені Ибрай Матибаев мүлдем ғайып болып кеткен, құстың қос қанатындай көретін нағашыларының анық-қанығына жету үшін алдына үлкен мақсат қояды. Бұл азамат көзі ашық, көкірегі ояу, сауаттылығы өте жоғары, бет алған бағытынан айнымайтын тәжірибелі заңгер маман еді.

Сол Ибрай Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға арналып шығарылған «Боздақтар» деген кітапта үлкен нағашысы Дәндібайдың сол Украина жерінде ерлікпен қаза тапқандығы, ал кіші нағашысы Байназардың 1944 жылы Беларусь жерінде ерлікпен қаза болғанын анықтайды. Алғашында ол бірінші хатын Ресейдің Мәскеу облысының Подольск қаласындағы Ресей Қорғаныс министрлігіне қарайтын Орталық әскери мұражайына бірнеше сұрау хаттар жібереді. Сол сияқты Ресей Қорғаныс министрі И.Ивановқа жазған бірнеше хаттары мүлдем жауапсыз қалады.

«Шешінген судан тайынбас» демекші, ол Беларусь елінің Президенті Г.Лукашенконың атына да үлкен үмітпен хат жазды. Халықпен санаса білетін Президент бір шалғайдан келген бұл хатқа аса сергектікпен қарайды. Сөйтіп, Ибрайдың жазған хатына 2008 жылы 29

күннің ішінде құшақ сыймас қуанышқа толы, жылы лебізін білдірген жауап хатын алады. Енді сол хаттын түпнұсқасын сол қалпында берудің жөн санадық.

Министерство Обороны Республики Беларусь. Витебской областной военной комиссариат 08.01.2002 г. №38 Матибаеву И.С. 050018. Республики Казахстан. г. Алматы, ул. Герцена д. 79.

Уважаемый
Ибрай Сиразинович!

На ваш запрос сообщая, что в Городском районе Витебской области имела деревня Комсомолец, которая входила в состав Вайханского сельского Совета. На период гибели Вашего дяди Кабулбаева Байназара (07.02.1944 г.) Городской район уже был освобожден от фашистов, а на территории этого сельского Совета располагались госпитали. Предположительно, Ваш дядя умер от полученных ран в одном из них. В 50-х годах останки погибших из деревни Комсомолец и других деревень этого сельского Совета были перезахоронены на Братское кладбище деревни Новые Вайханы (на этом кладбище захоронено свыше 2700 погибших). Поэтому имя Кабулбаева Байназара будет увековечено на братском кладбище д. Новые Вайханы. С уважением, военный комиссар Витебского областного военного комиссариата полковник В.А. Селезнев.

Уважаемый
Ибрай Сиразинович!

Ваш дядя, красноармеец Кабулбаев Байназар, 1917 года рождения, героически погиб 07.02.1944 года в деревне Комсомолец. Председателю Вайханского сельского исполнительного комитета поручено увековечить имя красноармейца Кабулбаева Байназара на мемориальной плите воинского захоронения Новые Вайханы и сообщить о результате проделанной работы на Ваш адрес.

С уважением, военный комиссар Городского районного военного комиссариата подполковник О.В. Лымарь.

Иә, Байназарға байланысты берілген жауаптар байыптылығымен назар аударарлық. Ал, оның бауыры Дәндібайдың «Боздақтар» кітабында Украинада ерлікпен қаза тапқаны жазылған еді. Оның артында ұрпақ та қалған екен. Балалары қайтыс болып кетсе де арттарында қалған немерелері ата әруағына тағзым етіп, оның рухына арқа сүйеп келеді. Одан басқа дерек көздері табылмады. Олардың бауырлары осыған шүкіршілік етеді. Біз де Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойында арманда кеткен ағайындардың, ержүрек жауынгерлердің ерліктеріне дәйім тағзым етеміз. «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» екенінің өзі - үлкен мақтаныш. Біз соған қуанамыз.

Абай ЖҰМАНИЯЗОВ,
«Жібек жолы» ауылдық
ардагерлер
ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

ЖҮРЕГІ КЕҢ,
НИЕТІ ТАЗА ЖАН



Ұйғыр ауданының абыройлы анасы Майра Тоқтасынқызын туған күнімен шын жүректен құттықтаймын. Жүрегі кең, ниеті таза, көңілі ақ Майра Тоқтасынқызы өзінің қарапайым мінезімен, еңбекқорлығымен, адалдығымен жерлестерінің сый-құрметіне, абырой-алғысына бөлене алды. Қайырымдылықпен айналысатын Майра Тоқтасынқызы-бүгінде ұл-қыздарынан бірнеше немере сүйіп отырған ардақты әже.

Майра Тоқтасынқызы туған күніңізбен құттықтай отырып, Сізге мықты денсаулық, отбасыңыздың амандығын, ұзақ өмір тілеймін!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Инфекция қоздырғышы

Пастереллез – бактериялық шығудың өткір зоонозды жұқпалы ауруы. Ауру тері астындағы тіндердің, буындар мен сүйектердің қатысуымен жүреді. Жағдай жоғары безгегімен, айқын уланумен, ішкі ағзалардың зақымдануымен көрінеді, созылмалы аурулардың жағдайлары сипатталған.

Пастереллез геморрагиялық септицемияға байланысы бар инфекцияларға жатады. Пастереллез барлық жерде кездеседі, адамдарда айқын маусымдық болмайды. Тәуекел топтары ауыл шаруашылығы қызметкерлері, ветеринарлар, егде жастағы адамдар, қант диабеті, бауыр циррозы, сатысындағы АИТВ-инфекциясы, жүрек-қантамыр жүйесінің патологиялары және қатерлі ісіктермен ауыратын наукастар, сондай-ақ гемодиализден өтетін пациенттер болып саналады. Пастереллезге 10-19 жас аралығындағы адамдар ең сезімтал деп саналады, ауру әйелдер арасында жиі кездеседі.

Инфекцияның қоздырғышы - экзотоксин шығаратын *Pasteurella multocida* бактериясы. Пастерелла қоршаған ортаға төзімді, суда және көнде 2-3 аптаға дейін, жануарлардың мейіттері мен мұздатылған еттерде 4-12 айға дейін сақталады. Олар күн сәулесінің әсерінен, қайнаған кезде, дезинфекциялық құралдармен өңделген кезде өледі. Инфекция көзі бактерия тасымалдаушылар мен ауру ауылшаруашылық, үй жануарлары мен құстарға айналады. Көбінесе пастереллез ірі қара, тауық, қоян және буйволда тіркеледі. Пастереллалар нәжіспен, зәрмен, мұрыннан, қанмен, жануардың сүтімен шығарылады, адамның инфекциясы әдетте мысықтар мен иттердің шағуы мен терісін тырнау кезінде пайда болады.

Инфекцияның ауа тамшылары мен трансплацентарлы жолдары сипатталған; жұқтырған жылқылардың шағуы кезінде пастереллездің векторлық берілу мүмкіндігі қарастырылған. Бактериялар зақымдалған тері мен шырышты қабаттар арқылы енген кезде қабынудың бастапқы ошағы пайда болады. Пастереллалардың белсенді көбеюі, экзотоксиннің бөлінуі және микробтардың қалдықтары иммунокомпетентті жасушалардың жиналуын, іріңді процестің дамуын, ұсақ тамырлардың тромбозын, ісінуді тудырады.

Алдын алу шаралары: қатаң ветеринариялық бақылау, ауру жануарларды оқшаулау, пастереллез ошақтарынан сүт пен ет сатуға тыйым салу. Жануарлармен жұмыс істеу кезінде жеке қорғаныс құралдарын (бетперделер, қалқандар, қолғаптар) пайдалану, тістеген, тырнап алған орындарды антисептикалық құралдардың көмегімен өңдеу, жануарлармен жанасқаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу қажет.

МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

Ұрпаққа өнеге

МӘНГІЛІК ЕРЛІК – ҰМЫТЫЛМАС ТАРИХ

Ашық аспан астында өмір сүріп жатқан жас ұрпақтарға бейбіт күннің қадірін біліп өсулері үшін тарихымыздың айтулы оқиғаларын жиі естеріне салып насихаттау-маңызды міндет. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай Жаңадәуір шағын ауданы, №12 орта мектебінде «Мәңгілік ерлік-ұмытылмас тарих» атты салтанатты жиын өткізілді.

Соғыс ардагерлерінің ұрпақтары алдында «Ән мен сап» байқауынан соң өнерпаз оқушылар мен ұстаздардың патриоттық әндері шырқалды.

Соғыс ардагерлерінің ұрпақтары Бекмұратов Асылхан аға Жаңадәуірден соғысқа сексен жеті адам кетіп, отыздан астамы оралмағанын айта отырып, тарихи ескерткіште есімдері жазылған майдангерлер тарихына шолу жасады.

Бұрын мектебіміздің басшысы болған, ардагер ұстаз Далабаева Әбдібала Қарқабатқызы және Жаңадәуірде алғаш мұражай ашқан, ардагер ұстаз, бүгінде «Асыл ана» бірлестігінің басшысы Күреңкеева Ақбала Байқонысқызы өз сөздерінде жас ұрпақты Отанымызға адал қызмет етуге,білімді,білікті болуға шақырды.

Күләш Қанатқанқызы бастаған мектебіміздің 50 жыл бұрынғы түлектері мектепке демеушілік жасап, 15 аққайың ағашын және Жеңістің 80 жылдығына деп, 80 тал раушан гүлін әкеліп отырғызды.Ардагер ұстаз Қозыбаева Келсінай Тоқбайқызы да ата-бабалар рухына тағзым етіп, 6 тал ағаш әкелді.

Мектебіміздің директоры Жайсембаева Шынар Сембайқызы да аз уақытта ұжымды жұмылдырып, мектебімізді абаттандыртып, айналдыра гүлдер отырғыздыртып, айнадай жарқыратып, тазалық жұмыстарын ұйымдастырып, мерекені лайықты қарсы алуға үлес қосып, халықтың алғысына бөленді.



Шолпан РАЙМБЕКОВА
Тарих пәнінің мұғалімі

Ауыл спорты

Турнир жеңімпазы-Әли мұғалімдері

Алатау қаласы Жаңаталап ықшам ауданында ұлағатты ұстаз, спорт ардагері, Іле ауданына танымал Имамбаев Сағынбай Имамбайұлының мерейлі 80 жасқа толуына орай мұғалімдер арасында волейболдан турнир болып өтті.

Турнирді салтанатты жиында сөз сөйлеп, №11 орта мектебінің директоры Жумашева Фатима Аманқызы ашты.

Сөз кезегінде Қазақстанның спорт ардагері Садуақасов Құмарғажап, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы Рауанов Қапар, Іле ауданының білім бөлімінің әдіскері Жантөлеев Сейітжан, және басқа да сөйлеушілер мерейтой иесін құттықтап, жүрек жарды лебіздерін жеткізіп жатты.

Барлығы 8 команда қатысты. Ойын екі спорт алаңында өтті. Жартылай финалдық ойындарда өз қарсыластарына

жол берген №28 және №46 мектеп командалары өзара кездесіп ІІІ-ші орын үшін таласты. Өте тартысты өткен ойында Жаңаталап ықшам ауданының командасы жеңіске жетіп, жүлделі ІІІ-ші орынға табан тіреді.

Ал ақтық сынға шыққан №22, №12 мектеп командалары турнирдің бас жүлдесі үшін таласты. Аса шиеленісте өткен ойын барысында басымдық көрсеткен Әли ауылындағы №12 мектептің мұғалімдер командасы І-ші орынға шығып, турнирдің бас жүлдесін жеңіп алды. Байсерке ауылының командасы 2-ші орынды місе тұтты.

Турнир барысында өте жақсы ойын өрнегін көрсеткен Құшпанов Берік “Үздік қорғаушы”, Кеңес Алмасбек “Үздік шабуылшы”, Жанпейісов Алмас “Үздік ойыншы” номинациялары бойынша арнайы сыйлықтарға ие болды.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаз және жүлдегер командаларға кубок, медальдар және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Осы турнирдің жоғары деңгейде өтуіне ерекше үлес қосқан жарыстың бас төрешісі Нұрпейісов Жанболат Әлиұлына жиналған көпшілік шынайы ризашылықтарын білдіріп тарасты.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ.

Алатау қаласы
Жаңаталап ықшам ауданы.

